



# Мұнайлы

Газет  
2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады

# Өлке

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті  
№10 (51), қазан-қараша, 2013 жыл

2013 жылдың 07 қараша күні Қоғамымыздың Бас ғимаратында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы 2013-2016 жылдарға арналған жұмыс берушімен ұжымдық келісім-шартқа салтанатты түрде қол қойды.



## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды

Қол қойылу рәсіміне «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» Акционерлік Қоғамының Басқарма төрағасы Мынбаев Сауат Мұхаметбайұлы, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесінің төрағасы Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы, «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамының Бас директоры Сунь Синьюнь, «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары Иманбаев Бақыт Алтайұлы, «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамы жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Масатов Санатбай мырзалар мен Жұмыс тобының өкілдері қатысты.

«Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамының Бас директоры Сунь Синьюнь мырза шараға қатысушылардың атынан қоғамға қарсы алып, маңызды құжатта әлеуметтік кепілдіктердің барлық түрін мұқият ескергендіктерін атап өтті.

Келесі сөз алған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» Акционерлік Қоғамының Басқарма төрағасы Мынбаев Сауат Мұхаметбайұлы төрт ай бойы қызу талқыға түскен Ұжымдық шарттың ережесінде еңбек қауіпсіздігі мен денсаулық сақтауға қатысты сауалдар реттелгенін, еңбек шарты, еңбек ақы, әлеуметтік кепілдік, сондай-ақ кәсіподақ органдары құқын кепілдеу, Ұжымдық шартты орындаудағы жұмыс беруші мен кәсіподақ ұйымдарының міндеттері және басқа да міндеттер көрсетілгендігін айтты.

Жыны барысында «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары Иманбаев Бақыт Алтайұлы ұжымды 2013 жылдың 10 айында атқарылған өндірістік, әлеуметтік және қаржы саласындағы жұмыстардың барысымен, 2014 жылдағы алға қойған мақсат-міндеттермен таныстырды.

Сондай-ақ жиында сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамы жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Масатов Санатбай мырза жаңа Ұжымдық шартқа қол қою – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ұжымының өміріндегі маңызды оқиға екенін айтты. Шартқа қол қойылмас бұрын оның жобасы еңбек ұжымдарында – цехтарда, бригадаларда, Қоғам бөлімдерінде ұйымдасқан түрде қызу талқыландығанын, тараптардың татулық пен түсіністік танытып бір ымыраға келген шешімдеріне алғысын білдірді. Кәсіподақтағы 40 жыл қызметінде тұңғыш салтанатты түрде қол қойылғалы тұрған жаңа Ұжымдық шартта бірыңғай еңбек төлемін алғаш «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на енгізіп, сенім білдіргендеріне ризашылығын білдіріп, Компанияның атынан Басқарма төрағасы Сауат Мұхаметбайұлына естелік сыйлық табыстады.

Шара соңында жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы әлеуметтік-еңбек қатынасын реттейтін жаңа Ұжымдық шартқа салтанатты түрде қол қойылып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбекшілерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге аса жауапкершілікпен атсалысқан бір топ азаматқа алғыс жарияланды.

2013-2016 жылдарға арналған Ұжымдық шартта өткен жылдардың тәжірибесі ескеріліп, әр жұмысшыға қолжетімді және тәжірибеде қолдануға ыңғайлы етіп жасалынған, әлеуметтік саладағы басты айқындалмалар сақталып, жақсарған, еңбек ақы саласы, еңбек шарты, денсаулық сақтау, кәсіподақ ұйымдарының міндеттері нақты жазылған. Ескере кететіні - 2010-2013 жылдарда қолданылған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Ұжымдық Шарты «Үздік Ұжымдық шарт» номинациясы бойынша «Парыз» Республикалық сыйлығын иеленген.



# «Мұнай. Газ. Инфрақұрылым – 2013» көрмесі

Ақтау қаласында облыстық әкімшілік және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қолдауымен «ПТЕСА» компаниясы ұйымдастырған 8 Маңғыстау аймақтық «Мұнай. Газ. Инфрақұрылым – 2013» көрмесі өз жұмысын аяқтады. «НұрПлаза» қонақ үйінің көрме алаңдарында көрмеге келушілердің назарына Қазақстан, Ресей, Қытай және т.б. елдердің мұнай өндіруші кәсіпорындары өз экспозицияларын ұсынды.



Көрмені аша отырып, Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев аймақтың мұнай-газ секторындағы көрсеткіштерді әрі қарай жақсарту үшін, өңірдің минералды-шикізат базасын өндіру міндеттерін шешуде, геолого-барлау жұмыстарын және өнеркәсіптік қорлардың санатиндағы болжалды ресурстарды аударуда қосымша шаралар қолдануды, сондай-ақ қорларды және мұнай мен газды барлауда жаңа тиімді технологияларды қолдану қажеттігін атап өтті.

Облыс әкімі мұнай-газ саласының дамуы нәтижесінде Маңғыстау экономикасында жоғары көрсеткіштерге жетіп отырмыз делі.

Сонғы бесжылдық ішінде өнеркәсіптік өндіріс көлемі екі есеге – 2 триллион 170 млрд. тенгеге өсті, ол өз кезегінде жалпы республикалық көлемнің 13 пайызын құрайды.

Бүгінде облыста шамамен отыздан астам мұнай-газ өндіруші және жиырмадан астам сервистік мұнай компаниялары жұмыс жасауда, олардың арасында Ресей, Қытай, Австрия, Дания және өзге де елдердің қатысуымен құрылған кәсіпорындар бар. Мұнай-газ саласында қызмет атқаратын адамдар отыз жеті мыңды, немесе өңір экономикасында жалпы алғанда жұмыс істейтін халықтың 24 пайызын құрайды.



«Қара алтынды» өндіру деңгейіне келетін болсақ, бұл көрсеткіш бойынша ол динамика байқалады. Ағымдағы жылдың тоғыз айында өңделмеген мұнайды өндіру өңір бойынша 13,4 млн. тоннамен құрады, бұл бытырғы жылмен салыстырғанда 1,8 пайызға жоғары болып отыр.

Көрмені аралау барысында облыс әкімі біздің компанияның стэндісімен танысты. Кезінде Алик Серікұлы өзінің еңбек жолын осы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастаған

болатын, сәл кейінірек Компанияның бастамалығын қолына алды, сондықтан да Компанияның қызметімен таныс.

Осы орайда, облыс әкімі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ аймақтың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқанын атап өтті, сонымен қатар мұнайшыларға «қара

алтынды» өндірудегі жоспарды сәтті орындауды тіледі.

- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жылдан-жылға мұнай өндіру деңгейін өсіруде, осы жылы сіздер 6 млн. тоннадан астам мұнай өндіруді көздеп отырсыздар, алдағы уақытта осы істеріңізге жеміс тілейміз, - деді Алик Серікұлы.

Аймақ басшысы көрме жұмысы барысында мұнай-газ саласының мамандары, сервистік компаниялардың өкілдері өздеріне

тиімді әріптестер тауып, сенімді әрі ұзақ мерзімді өзара ынтымақтастықтағы ісерлік қатынастар орнатады деген сенетінін жеткізді.

Дәстүрлі түрде және 8 рет өткізіліп жатқан Маңғыстау аймақтық «Мұнай. Газ. Инфрақұрылым – 2013» көрмесі отын-энергетикалық және инфрақұрылым саласында үздік байланыстар орнатып және оны әрі қарай дамыта түсуге мол мүмкіндік береді. Аталған шара аясында өтіп жатқан кездесулер мен пікірталастар жаңа жобалар мен болашаққа жол ашады.

Сонымен қатар, Ақтау қаласында өтіп жатқан «Мұнай. Газ. Инфрақұрылым – 2013» көрмесінде «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының және аймақтық қаржы институттары болімсіндерінің семинар-презентациялары өткізілді.



Үстеміздегі жылдың 25 қазаны күні «Қаражанбасмұнай» АҚ ұйымдастыруымен мұнай-газ саласы компаниялары арасында болған І-ші Жас мамандар слеті өткізілді. Оған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ТұларМұнайСервис» ЖШС, «Арғмак-ТрансСервис» ЖШС, «Технологиялық көлікті басқару және ұйғымаларға қызмет көрсету» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ компанияларының студент астам жас мамандар мен басшылар қатысты. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ делегаттарының құрамында ӘМЖӘДД-нен Байбосанов Әлібек, Жолдыбаева Лаура, Кубиева Мөлдір, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Исатаев Бауржан, Еділов Нұрбол, Телішева Ақбаян, Ходжаев Бауржан, Садыров Қайрат, АРБД-нен Қыдыров Бекеш, КЖКҚБД-нен Мырзағалиев Әжіғали болды. Слеттің негізгі мақсаты мұнай-газ саласындағы жас мамандардың баасын қосу, компанияның жетістігі жолында дүіткен мақсаттарға қол жеткізу үшін бірегей команда қалыптастыру, Компаниядағы ортақ міндеттер мен мәселелерді шешу жолында жаңа идеялар мен ой-пікірлерді ұсына білу болып табылады.

Шараны «Қаражанбасмұнай» АҚ Президенті Хасанов Дулағжан Кенесұлы ашты. «Бүгінде жастар қоғамың қозғалушы күші ретінде озық идеялармен қаруланып, слеміздің дамып, өркендеуіне лайықты үлес қосып келеді. Болашақта ел тізгінін ұстайтын, слеміздің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркенет көшінен лайық орын алатын, слеміздің қарқынды дамуына өзіндік үлес қосатын қоғамың негізгі белсенді күші жастар екені сөзсіз. Компаниямыздың алдығы қатардан көрінуі жолында Сіздеңді қосар жаңа идеяларыңыз бен жаңашыл бастамаларыңызға басшылық тарапынан қашан да қолдау көрсетілетіні болды» - делі.

Сонымен қатар сөз алған басқа да компаниялардың әлеуметтік сала жөніндегі басшылары «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы -

## Біртұтас Компания – біртұтас мақсат



Мен жастарға сенемін» - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етеді. Жүректерінде жалыны, бойларында күштері бар жиырма бірінші ғасырдың жастарын күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға шошып қарамай, батыстың күтүркі өміріне еліктеме, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жіреніп», талашты да тапқыр, талғампаз да терең ойлы, тозымді де табанды етіп тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз» - делі. Осы бағытта 2013 жылдың наурызынан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ-да, ал тамыз айынан бастап «Қаражанбасмұнай» АҚ-да жас мамандар кеңестері құрылып, жұмыстарын бастап кеткендігін де тілге тиек етті басшылар.

Ал жас мамандар атынан ортаға шығып, жасалған жұмыстары мен ұстанған бағыттары таныстырған өзге компаниялардағы инженерлер Ахметов Думан, Қойлыбаев

қатынасуын қамтамасыз етуге, кәсіби біліктілігін арттыруға, мәдени-көпшілік, спорттық шараларды өткізуге, басқа кәсіпорындармен тәжірибе алмасу, жастар орталықтарымен тығыз қарым-қатынас ұстауды. Құрамды торағасы, орысбасарлары мен негізгі ұстанған бағыттардың менгерушілерінен тұратын Жас мамандар кеңесіне 18 бен 35 жас аралығындағы қызметкерлер кіріп, бүгінде жұмысын жандандыруда.

Құрылған жас мамандар кеңестерінің жұмысы таныстырылған соң қатысушылар арасында «ашық кеңістігі» атты ісерлік ойын ұйымдастырылды. Слетқа қатысушының кәсіпорындағы ролі мен Компанияның стратегиялық мақсатын жүзеге асырудағы ой-өрісін дамыту барысында мастер-класс өткізілді. Командалық жұмыста ұйымшылдықпен көрінген жастардың бұл шарадан алған әсері ерекше болды. Шара сонында жас мамандарға Грамоталар табысталды, кәсіпорындар арасында ынтымақтастық меморандумына қол қойылып, қатысушылар естелік суретке түсті.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ атынан қатысқан делегаттардың қатарында 2011 жылы басшылықтан бата алған жастар да болды. Сол кезде басшылық ауысып, елеусіз қалған жастар өз бастамаларының өзге компанияларда жүзеге асып, қарқынды жұмыс жасап жатқандығын көріп қайта жігерленді. Жас мамандардың ендігі үміті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дағы 18-35 жас аралығындағы жалын жүреткі, өз пікірін еркін айта білетін жастарды бір ортаға біріктіретін Жас Мамандардың Кеңесі құрылды.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Еліміздің келешегі жастардың қолында» деген сөзі жастарға қандай жауапкершілік жүктеп отырғанын айқын көрсетеді. Ел ертеңі-бүгінгі ұрпақ екенін үнемі жаңында сақтайтын аға ұрпақ Президентіміздің бағыт-бағдар берген сара жолымен жастарды ілгері бастырып, қолдау көрсетер деген сенімде.



“МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ” АҚ - 50 ЖЫЛ

# МҰНАЙЛЫ МАҢҒЫСТАУ: ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ



«Халықтар достығы» орденінің иегері В. Хохловтың бригадасы



Шұғыл түрде Ақтау-Өзен аралығына қатқыл табанды асфальт жол, су құбыры, электр кабельдері, электр желілері тартылды, құбыр төселді



Н. Имашев,  
Х. Өзбекғалиев және  
В. Токарев  
/солдан оңға қарай/, 1966 ж.



1981 жылы мұнайшылар күніне арналған салтанатты жиында «Мангышлакнефть» бірлестігінің бас инженері К.Жоламанов обком партиясының бірінші хатшысы С.Мұқашевқа 200 млн. тонна «қара алтын» өндіргені үшін естелік сыйлық табыстады.



«МНГР» КЭ бөлім бастығы В.Нечасев, Қазақ ССР Геология министрінің орынбасары Х.Өзбекғалиев, КазНИГРИ институтының директоры Т.Жұмағалиев және МУБР Бас геологы Ж.Досмұханбетов.



Тұңғыш фонтанға орнатылған обелиск жанында кенорын алғашқы ашушылар С.Рысқалиев, Х.Тәжиев, Ә.Тәжіғалиев



Социалистік Еңбек Ері Т.Қалыров жұмыс үстінде



Құрметті вахтаға шебер К.Әлібаев, оператор М.Өтегенова, О.Шадиаров пен Ә.Мұстапин тұрды.



1965 жылдың 5 шілдесінде Маңғыстау мұнайын тиген тұңғыш эшелон Өзеннен аттанды. Митингіні ашқан Гурьев обкомының хатшысы К. Лихарев.



«Қаражанбастермұнай» МГӨБ бастығы А.Қиынов, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы Н.К.Байбаков, Министр, КСРО мұнай инженері Н.А.Мальцев және Мұнайлы ауданы партия комитетінің I хатшысы З.Ө.Алшымбаев. 1984 жыл



2010 жылдың ішінде айында еліміздегі көліктік жылжымалы медицинаның дамуы бастау алып – емдеу-диагностикалық медициналық «Денсаулық» пойызы жүре бастаған болатын. Осы емдеу-диагностикалық медициналық «Денсаулық» пойызына тұрғындардың белсенді түрде жүгінугі, екінші медициналық «Жәрдем» пойызының пайда болуына ықпал етті, бұл пойыз өз жұмысын 2011 жылы бастаған болатын. 2011 жылдың қыркүйек айында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауы дамуындағы «Саламатты Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2011-2015 жылдарға арналған үшінші медициналық «Саламатты Қазақстан» пойызы іске қосылды.

Жылжымалы медициналық пункттер екі әлеуметтік мәселені шешуге көмектесіп

отыр, олар: медициналық қызмет көрсетудің жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету және емделушінің қай жерде қаралуы мен емделуі жағдайына қарамастан медициналық көмектің бірыңғай жоғары стандартқа сәйкес болуы.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының тапсырмасымен Қоғамның 50-жылдық мерейтойына орай 2013 жылдың қазан айында мобилді медициналық пункт Маңғыстау облысында да жұмыс жасай бастады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ медико-санитарлық бөлімінің жоғары білікті дәрігерлерінен құралған бригада – бір ай бойына Маңғыстау облысының село тұрғындарына ақысыз медициналық көмек көрсетті. Дәрігерлер мен мейірбикелер тұрғындары медициналық көмекке өте зару елді мекендерге арнаулы автобустармен жеткізіліп отырады.



- 1952 жылы туылған әйел адам, қабылдау кезінде басының жиі ауыратынын айтып, өзі бронхитпен ауырам деп ойлаған, - дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ медико-санитарлық бөлімі (МСБ) бас дәрігерінің орынбасары Алия Минсентова.

- Біздің дәрігерлер жүрегіне ЭКГ жасап, алдығы-бүйір жақ каптал миокард инфарктісі, 2 дәрежелі артериалды қысым бар екенін анықтады. Жағдай өте ауыр еді, наукасты сол бойда қасына

түрде Жетібай аудандық орталық ауруханасына жатқызды. Ақтау қаласындағы емханаға 14 адамға мамандар кенесіне жүгінуге жолдама берілді.

- Менің ойымша біздің осы сапарларымыз өте жемісті болды, - дейді өз сөзінде Алия Минсентова. - Біздің дәрігерлер көмек сұрап келген әрбір адамға көмектесуге тырысты. Село тұрғындары да шараның жүргізілуіне риза болды. Негізінде, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басылығы қарсы болмаса, аталған

# ДЕНСАУЛЫҚ –

## ӘРБІР АДАМНЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ!



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ дәрігерлерінің бригадасы алғашқы болып Маңғыстау ауданының Тұщықұдық елді мекеніне аттанды. 2000 тұрғыны бар бұл селода медициналық персоналдың шұғыл қажеттілігі сезілді, ал ауылдық емхана бұдан бірнеше ондаған жылдар бұрын салынған. Жергілікті тұрғындар жоғары білікті дәрігерге қаралу үшін, облыстық орталыққа ұзақ жол жүрiн қана жете алады, соның ішінде – алыс жолдарға шыдай алмайтын қария кісілер үшін бұл ұзақ жолды жүрiн өту оңай емес. Сондықтан да тұрғындар дәрігерлердің келуін асыға күткен екен.

- Аталған акция «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының тапсырмасымен жүзеге асауда, - дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ медико-санитарлық бөлімінің (МСБ) бас дәрігері Әзірбай Ораз. - Біздің әріптестер бұл шараға атсалысу идеясын үлкен жадағаттылықпен қабылдады. Мұқтаж жандарға олардың қай жерде екеніне қарамастан көмек көрсету біздің

кәсіби міндетіміз болып табылады. Медициналық бригада құрамында терапевт-дәрігерлер, акушерлер, педиатрлар, психиатрлар, эндокринологтар, ЛОР-дәрігерлер және тағы да басқалары болды. Жергілікті тұрғындар дәрігерлердің келуіне өте риза болғанын көріп тұрмыз. Адамдардың әрқайсысы қажетті емдеу-диагностикалық көмектерін ала алады.

Алғашқылардың бірі болып кәсіби медициналық көмек алғандардың қатарында 74 жастағы Камал ана болды. Ол артериялық қысыммен ауырады, дәрігерлердің келуінен естіген бойда, көп ұзамай дәрігерлердің көмегіне жүгінді.

- Барлық дәрігерлер мен мейірбикелерге үлкен алғыс айтамын, - деді Камал ана, - мені өте жақсы қарсы алып, қарап шықты, қажетті кеңестер берді, енді өзімнің осы жасым ұлғайған шағында Ақтау немесе Шетпедегі емханаға барудың қажеті жоқ. Тағы да үлкен рахмет!

Жалпылай алғанда Тұщықұдық селосында 90-нан астам

тұрғынға медициналық көмек көрсетілді. Қуантатыны, еш жері ауырып мазаламайтын тұрғындар да келіп, осы сәтті пайдалана отырып, өз денсаулықтары тексеруге ұйғарған, - біреуі жүректің электрокардиограммасын түсірсе, тағы біреуі – көзін ішкі қысыммен тексертіп жатты.

Осы орайда, келесі жылы Тұщықұдық тұрғындарына емделу үшін Ақтау қаласына барудың да қажеті болмайды, қазіргі таңда мұнда 50 орынға арналған жана амбулаториялық кешен салынууда, сондықтан да тұрғындар уақытылы және жоғары кәсіби медициналық көмекті өз ауылдарында ала алады деген үміттеміз.

Бірнеше күннен соң дәл осындай шар Шәбір селосында да өткізілді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ дәрігерлерінің қабылдауында осы бір күн ішінде 100 шақты адам болып үлгерді. Сондай-ақ, біздің дәрігерлер осы сапарында село тұрғынның өмірін сақтап қалуға көмектесті.

фельдшерді ертіп, жедел жәрдем машинасымен Шетпе аудандық ауруханасына жөнелтілді. Сондай-ақ, анасы ертіп келген 4-жасар баланың мұрнынан аққан қан тыйылмай тұрды, медициналық тексеруден кейін баланың анемиямен ауыратыны анықталды, гемоглобин мөлшері 70 мг/л-дан аспайды. Аурудан жазылу үшін не істеу қажеттігі анасына түсіндірілді. Жалпы алғанда бұл ауылда 100-ден астам тұрғындарға медициналық көмек көрсетілді, мысалы, акушерлік дәрігердің өзі 18 тұрғынға көз-әйнекке рецепт жазып берді.

25 қазан күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ дәрігерлерінің бригадасы Каракия ауданының Мұнайшы селосына келді. Шара барысында 83 жергілікті тұрғын қаралды. Бұл жерде де шұғыл медициналық көмек қажет пациенттер анықталды. Мысалы, науқастардың біріне ишемиялық инсульт (2 дәрежелі артериалды гипертония, қауіптілік тобы 4) диагнозы қойылды, наукасты шұғыл

шараны біз келесі жылы да жалғастырамыз келеді. Сонымен қатар, өңірдің елді мекендерін аралау барысында, біз селолардағы қалыптасқан жағдайлар туралы Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасы мамандарымен сұхбаттастық. Соның ішінде, Шәбір және Мұнайшы селоларында ЭКГ-аппараттарын орнатуды, село тұрғындары үшін Ақтау қаласы емханаларында ашық есік күндерін өткізу, және селолардағы медициналық кадр жетіспеушілігі мәселесін шешу сияқты істерді ұсындық.

Сөзіміздің қорытындысында, аталған жоба өз тиімділігін толықтай көрсеткенін атап өткізіміз келеді: яғни денсаулық сақтау саласының алдында тұрған өзекті мәселелерді шешеді, нәтижесінде, медицина сапасы мен қолжетімділігі артады, ал бұл өз кезегінде ауруды ең алғашқы кезеңдерде-ақ анықтауға және денсаулығын қайтаруға мүмкіндік береді. Ал бұл – ең басты мәселе!

### Құрметті әріптестер!!!

Видірістің қауіпсіздік қағидаларын сақтаған кезде ғана қауіпсіз еңбек жағдайын тудырады.

- Ешкім зардап шекпеуі керек!
- Жұмысқа кірісер алдында ойлан!
- Жұмысты қауіпсіз орында, не оны мүлдем орындама!
- Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!
- Күмәнің болса, анықта! (Сұра)

### Уважаемые коллеги!!!

Создание безопасных условий труда возможно лишь при соблюдении принципов безопасности производства.

- Никто не должен пострадать!
- Подумай, прежде чем выполнять работу!
- Выполняй работу безопасно, либо не делай ее совсем!
- Всегда есть время выполнить работу безопасно!
- Если сомневаешься, выясни! (Спроси)

## Өндірістік көрсеткіштер

№ к/п	Көрсеткіштер атауы	Өлш. бірлігі	2013 ж.								2014 ж.	
			2012 ж.		10 ай				2013 ж.			
			нақты	жоспар	нақты	ауытқу	%	жоспар	нақты	ауытқу		%
1	2	3	4	5	6	7-6.5	8-6.5*100	9	10	11	12=10**100	13
1	Мұнай өндіру	тн	5 920 728	4 994 476	5 044 353	49 877	101	6 001 000	6 050 877	49 877	101	6 151 000
2	Мұнай тапсыру	тн	5 890 818	4 972 036	5 025 180	53 144	101	5 974 214	6 027 358	53 144	101	6 123 446
3	Жер қабатына су айдау	млн. текше м.	51 427	44 467	44 468	1	100	53 704,5	53 705	1	100	56 374,0
4	Бұрғылаудан шығару	үнг.	110	129	108	-21	84	160	171	11	107	226
4.1.	с.і.мұнай ұңғылары	үнг.	83	111	91	-20	82	118	133	15	113	162
4.1.1.	тік ұңғы	үнг.	66	72	55	-17	76	75	75	0	100	107
4.1.2.	жаттық ұңғы	үнг.	17	36	36	0	100	40	55	15	138	50
4.1.3.	қайталама (дублер)	үнг.	0	3	0	-3	0	3	3	0	100	5
4.2.	су ұңғылары	үнг.	23	9	17	8	189	25	25	0	100	60
4.3.	су алу ұңғылары	үнг.	4	7	0	-7	0	12	12	0	100	3
4.4.	бағалау ұңғылары	үнг.	0	2	0	-2	0	5	1	-4	20	1
5	Геологиялық -техникалық шаралар	үнг.	324	225	278	53	124	260	295	35	113	327
6	Ілеспе газын өндіру	млн. текше м.	267,347	228,357	236,022	7,665	103	274,744	282,409	7,665	103	320,361
7	"Қаз.ГӨЗ" ЖШС ілеспе газын тапсыру	млн. текше м.	95,010	69,444	94,090	24,646	135	83,679	112,090	28,411	134	129,489
8	"Қаламқасмұнайгаз" ӨБ бойынша ілеспе газын сату	млн. текше м.	0,000	32,822	38,318	5,496	117	36,627	42,123	5,496	115	51,937
9	Табиғи газын өндіру	млн. текше м.	273,892	236,825	191,019	-45,806	81	302,993	257,187	-45,806	85	362,439
10	Табиғи газын сату	млн. текше м.	256,698	177,905	180,823	2,918	102	218,905	221,823	2,918	101	277,105

Өр тасы мен қыр қойнауы шексіз байлық пен киетге толы, 360 әулиелі, «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» ұланғайыр жалпақ жазираны иеленген, құдіретті Маңғыстау аймағының өткен тарихы нешебір ғасырлар қойнауына кетері белгілі.

Егеменді ел санатын сақтап, ертенгі жайлау-өрісімді жаза бастау бағамдауымыз үшін, алдымен тарихымыздың тағалымына жүгінгеніміз хак. Ұлттық сананы дамыту, өткеннен сабақ, ғибрат алу, болашаққа көш түзеу үшін өткенді безбендеу - басты мәселе. Өр қазақ азаматы өзін патриоттың деп санауы үшін, ең бірінші - өз тарихын білуі тиіс.

Кешегі өткен «Нұр Отан» партиясының Саяси Доктринасындағы «Нұрлы болашақ жолында»: «біздің мәдениетіміз бен дәстүрлі рухани құндылықтарымыз - ұлттымыздың өміршеңдігі мен сақталуының кепілі» делініп, осы қымбат құндылықтарымыздың өркендеуіне және азаматтық әлеуетіміздің дамуына үлкен серпін берілуіне жол ашылды.

Осы тұрғыда біздің Акционерлік қоғам басшыларының қолдауымен сан ғасырлық тарихы бар өлкеміздің баға жетпес құпия сырларын өз дәуіріміздің сипатына сай танып-білу, өткен тарихымыздың көмескі тұстарына байыппен үніліп, әріптестеріміздің дүниетанымына қосымша серпін беру, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігіміз артыту мақсатында танымдық саяхат (экскурсия), өлкетану жоспарлары жасақталынып іске асырылды. Бұл істің жүзеге асуына АҚ-ның Бас директорының әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары - И.Құлдасбаев мырзаның қолдау көрсетуі және бастаманы ұйымдастырушы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары - Қ.Досаевтың барлық іс-шараға ұйытқы болуы, үлкен қолдауына себеп болды.

Соның біріне, қазанның 26-жұлдызында ежелгі оғыз тайпаларының көрнекті батыр-әулиесі, қасиет несі Темір Баба қорымына, сол маңдайдағы тау бөктерлеріне, теңіз жағалауына барып қайтуымыз болды.

ТЕМІР БАБА жөнінде айтсақ. Қаспий теңізі жағалауында, Кендірлі шығанағындағы (түбегіндегі) көне киелі орын. Ислам дінін насихаттау, тарату үшін Мекке-Мединеден шығып, Маңғыстау жеріне мәңгілікке қалып қойған деседі. Темір Бабаның Бекет атаман аруақ сымнастырғаны жөнінде аңыз бар, сондай-ақ Кендірлі шығанағындағы түбектілішенің пайда болуы туралы аңыз да осы кісімен байланыстырылады.

Кендірлі шығанағындағы осы тілше-түбек жөнінде басқа бір аңыз нұсқасы бар: «Темір Бабаның баласы суға кетіп өлгенде, қаншама діндар болғанымен адам емес пе, назаланып, қамшымен теңіз толқынын сабапал, қарғыс айтқан деседі. Сондағы қамшы тиген су айдыны, ұзын да жіңішке тілше-түбекке, яғни құрлыққа айналды». (Т.Қойдмбаеваның дерегі)

Темір бабаның «Адайдан аруақты Бекет деген пір шығашты» дегенді естіп, көрейін, сәлемдесейін, қасиетін көрейін деген мақсатпен келіп, онмен аруақ салыстыруын аңыздан көшілік біледі. Бұл аңыздың басқа да

## КЕНДІРЛІ ШЫҒАНАҒЫНА (ТҮБЕГІНЕ) САЯХАТ



түрі бар, мұнда кие салыстыратын ретінде Бекет ата емес, Шопан ата болып айтылады.

Шопан ата жайылып жүрген қарақұйрық үйірінен бір теке шақырып алады да оны пышақсыз бауыздап, жіліктеп, мүшелеп, терісіне салып, алақанымен бір синап өткенде, алгі теке сілкініп-сілкініп алып үйіріне қарай тұра жөнеліпті. Осыны көріп болғасын Темір Баба теңізге қойып кетеді.

Оның жүзін (жүрін) бара жатқан ізінен кара жер пайда болады, содан Кендірлі аралы (тіліссі-жоса) пайда болады. Шопан ата бұған қатты сасып, әрең дегенде Темір Бабаны кері қайтарып алады. Сонда «неге кері шақырдың?» дегенде Шопан ата: «Сен бұлай кете берсең, көпір салсаң, ол көпірмен бізге көпір келеді», - деп жауап береді.

Ел аузындағы әңгімеде Темір Бабаның су-пірі екендігі айтылады. Шопалд келе жатырған киікті көріп, жаны ашып, «фу, жануар-ай» деп түкіргенде түкірігіне бір үйір киік қанаттыдай су пайда болған көрінеді.

Сортаңды жердің суы тұщып, құрап тұрған кара бұталы жер, Темір Баба жүріп өткенде көктейді екен. Әулиенің баба болып аталуынан, оның Маңғыстаудағы ең ежелгі әулиелі нысан екендігін білуге болады. Оны IX ғасырға жатқызуға.

Фетисов пен Жыланды тауының аралығындағы 20 км. арал (түбек) маңындағы теңіз айдыны ортасында тұщы су бар делінеді. Сол күні (яғни 26-қазан) біздің мұнайшы әріптестеріміз сарыала таңнан Ақтаудан шығып, Жетібай-Өзен арқылы Кендірлі маңайына жетіп, одан Ақсу поселкесі арқылы теңіз жағалай отырып, Темір Баба қорымына сағат 10-лар шамасында жетті. Жолдан келген

бойда жеңіл шөй ішіліп, ата-баба аруақтарына дұға оқылып, зират басына баруға қам жасалынды.

Бабаның зиратына жақын маңнан (теңізге қарай) жақсылап мешіт, бірнеше бөлмесімен тұнелік үй, асхана, мал соятын орын, қоралар, т.б. салынып келушілерге жағдай жасалынғаны көрініп тұр. Түнелік үй ішінде тосек-орын, тамақ дайындауға керек-жаракат - бәрі бар екен.

Темір Баба басына зияраттап, Баба рухына Құран бағыштап дұға оқылды. Сол жердегі басқа да жатырған Адай, Жетіру, Әлім тайпалары (аруақтарының) адамдарының барлығын аралап шықтық. Қорымда небір ескі сағана тамдар, құлпытастар, соңғы уақытта қойылып, қайтадан жанартылған зираттар баршылық. Өркім өзі білетін жақсы аңыз әңгімелерін айтып, бабаның тылсым сөзі толы қасиеттерін әңгімелеп ортаға салып жатты. Баба жеті түрлі қасиетке не болған деседі.

Темір Баба басында шырақшысы қауырт шаруаман кетіп қалуына байланысты, орнына көмекшісі жүрді. Алыс болса да Бабаның басына жан-жақтан түнеуге зияратшылар көп келеді екен.

Баба аяны арқылы түскен «бада әулие» басына баруға да бәрі құлшыныс танытты. Оның жанында сондай «Сұлтан әулие», «Батыр әулие» деген аруақты жандар жерленген екен. Бұл Темір Баба қорымынан 1-2 км жерде, тауды қиялай жүріп отырып жететін таудың үстіндегі қойымшылық болды. Апарған нәзірлерімізді байлап, дұға бағыштадық.

Төменде Баба қойымшылығының жанында бабаның құдығы бар, суы бұлақ суынан жиналып тұрады. Содан су ішіп, тілек тілеп, шаршағанымызды басып, ары қарай осы Темір Бабадан 1,8-2км шамасында, күн-шығыс беткейде жатырған «Қыз әулие» қорымына бардық, оған да Баба аяны арқылы аруақты адамдарға білініп, сосын басына белгі қойылған екен.

Айтушының сөзінше, ол қойымшылықта ертеректе жаугершілік заманында қырылған 40 қыздың мүрдесі бар делінеді, бірақ әр жердегі тас белгіде белгі-танбалардан басқа, жазу белгісін көре алмадық. Дұға бағыштап, кейін қайттық. Қайтар жолда тілше-түбектің, «Қыз әулие» маңайынан төменгі жағалауды аралай жүріп сулу табиғатын тамашалап, суретке түсіп, таза ауасымен серуендедік.

Темір Баба аруағына арнап, Алла ризалығы үшін арнайы арнап апарған малымызды сойып, ата-баба аруақтарға дұға етіп, көптің, еліміздің, халқымыздың тілеуін тілеп, тәуелсіз Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің тұғырының мықты болуын, имандылығымыз бен ауызбіршілігіміздің артуын қалап, бата жасап, тус ауа (сағат 5 шамасында) кейін қарай жолға шықтық.

